

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Азаматтық құқық және құқықтық қатынас

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/74938/>

М.Сапарбаев институтының

Парасат колледжінің оқытушысы

Абдиханова Ақзерек Аширалиевна

Азаматтық құқық және құқықтық қатынас.

Азаматтық құқық .1999 жылдың 1 шілдесінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімі қабылданып, күшіне енді. Бұл өз мәнінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нарықты қайта құру жылдарында қалыптасқан азаматтық заң шығарудың ірі біріктіруі болып табылады, сонымен бірге онда бұдан бұрын Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында болмаған көптеген нормалар пайда болды.

Жаңа Азаматтық кодексті қоғамдық қатынастардың аса тиімді реттеушісі ретінде бағалау қажет. Оның нормаларының мазмұны барынша айқын болып табылады. Оған уақыт санынан өткен көптеген заңдардың және заңға тәуелді нормативтік актілердің ережелері енген. Бұны оңды құбылыс ретінде бағалауға болады, дегенмен азаматтық кодексті тым толықтықта айыптайтын көзқарастар да кездеседі. Себебі, онда сатып алу-сату, мүлік жалдау және тағы басқа да шарттар көптеген түр-түрлерімен қарастырылған. Мысалы, тауарларды бөлшектеп сатып алу-сату шарты жеке көрсетілген, онда тұтынушылар құқығын бекітуге артықшылықтар берілген. Кәсіпкерлік шарттың ерекше сипаттары тауар жеткізілімі шартына арналған нормаларда көрініс тапқан. Кез-келген қазіргі заманғы мемлекет жағдайы үшін сатып алу-сату шартының энергиямен жабдықтау сияқты түрі маңызды мәнді иемденеді, бұл да азаматтық кодексте және соған сәйкес қабылданған заңға тәуелді нормативтік актілерде ескерілген.

Жекешелендірілген, мемлекеттік және сонымен бірге жаңадан пайда болған жеке кәсіпорындар нарығының пайда болуына кәсіпорындарды сатуды құқықтық реттеу сәйкес келді.

Бұрын әрқашан реалды болып келетін сыйға тарту шартына қазір өзгеше сипаттар берілген, енді бұл шарт консенсуалды да болуы мүмкін. Сыйға тартуға тыйым салу анық бекітілген.

Ренталық қатынастар бұдан бұрын тек өмір бойы асырауда ұстау жағдайы қарастырылған сатып алу-сату шартымен ғана негізделетін, қазір рента институтына оның (белгілі бір мәселелері болғанымен), өзіндік мән берілген. Азаматтық кодекс шеңберіндегі жаңалықтарға ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) және есеп айырысу-несиелік қатынастарды реттейтін (бактік есеп шот, ақша аударымы, банк салымы), шарттар туралы нормалар жатады. Сақтау шарттары бойынша тауар қоймасында сақтау туралы нормаларды енгізу туралы айтуға болады. Сенім меншігі жөніндегі ұзаққа созылған пікірталастар Азаматтық кодекс нормаларында мүлікті сенімгерлікпен басқару қатынастарын бекітуге әкелді. Сонымен бірге кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты қарастырылған, бұл шарт та бұрынғы заңда болған жоқ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығында оның негізгі ережелері құқықтың әртүрлі салаларымен реттелетін жағдайларда зиян келтірілгенде жүзеге асатын толық құнды деликтілік жауапкершілікті қарастыратын ережелердің бірге әрекет етуі анық көрінеді, сонымен бірге келтірілген моральдық зиян үшін өтемақы тағайындауды, құқыққа сәйкес келетін әрекеттермен келтірілген зиянды өтеуді қарастыратын нормалар да жетілдірілуде. Өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған тұлғаларға зиянды өтеу туралы жалпы мазмұнды нормалар пайда болды, тауарлардың, жұмыс пен қызмет көрсетудің кемістіктерінің әсерінен келтірілген зиян үшін мемлекеттің жауапкершілігі кеңейтілген.

Интеллектуалдық меншік құқығы барынша ретке келтірілген, аталған тәуелді саланың құрамына интеллектуалдық меншік құқығының объектілерін, соларға құқықтар пайда болу негіздерін және оларды қалыптастыру және пайдалануға байланысты шарттық қатынастарды, сонымен бірге оларды құқықтық қорғауды қарастыратын нормалар енгізілген.

Мұрагерлік құқық та айтарлықтай елеулі өзгерістерге ұшыраған, ол қазір меншік құқығы және басқа да заттық құқықтардың тәуелді саласымен қамтамасыз етілетін меншікке билік ету мүмкіншіліктеріне негізделеді. Жаңа Азаматтық кодексте мұрагерлікке, мұра құрамын анықтаудың, ортақ бірлескен мүлік болып келетін мүлікті мұраға қабылдау, мұрагерлік және лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен алыстату туралы және тағы басқа жалпы ережелерге көңіл көп аударылған.

Қазақстан Республикасының бір тұтас құқық жүйесі бірнеше салаға бөлінетіндігі бәрімізге мәлім. Сол салалардың бірі болып табылатын – азаматтық құқық. Азаматтық құқық сала ретінде елімізде қалыптасып келе жатқан нарықтық экономиканың бірден-бір негізі десек те болатын шығар. Өйткені, бұл саламен реттелінетін құқық қатынастарының шеңбері кең.

Азаматтық құқығымен реттелінетін қатынастардың түсінігін беру үшін құқық теориясында қолданылып жүрген ережелерге сүйенуіміз қажет. Яғни айтқанда, реттеу пәні мен реттеу тәсілдері. Осы жоғарыда көрсетілген екі категорияның негізінде азаматтық құқығына сала ретінде тек анықтамағана емес, оның басқа құқықсалаларынанерекшелігінде көрсетуге болады.

Азаматтық кодекстің 1-ші бабының 1-ші тармағында көрсетілгендей, азаматтық заңдармен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Сонымен қатар, мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар да азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген, не мүліктік емес жеке қатынастар мәнінен туындамайды.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, азаматтық құқығымен реттелінетін қоғамдық қатынастардың негізгісі болып табылатыны - мүліктік қатынастар. Сондықтан да айтып кеткен жөн болар, кез келген мүліктік қатынастар емес, қоғамның негізін қалайтын тауар-ақша қатынастары, яғни азаматтық құқық субъектілерінің кез келгенінің қатысуымен және әр түрлі көріністерде байқалатын мүліктік қатынастар.

Азаматтық заңдармен реттелетін мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастарға азаматтың есімі, жеке келбет құқығы, жеке өмірдің құпиялығы, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, азаматтың немесе заңды тұлғаның абыройына, қадір-қасиетіне, іскерлік беделіне байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-шы бабында азаматтың ар-намысымен қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық атап көрсетілген. Сондай-ақ Ата Заңның 33-бабы «азаматтың жеке өміріне қол сұғуға болмайтындығын» атай келе, «азаматтың жеке өміріне арласуға, оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға тыйым салынады» десе, осы баптың келесі тармағында «тұрғын үйге қол сұғуға болмайтындығы» атап көрсетілген. Жоғарыда көрсетілген мүліктік қатынастармен байланысы жоқ жеке қатынастар, мүліктік емес жеке қатынастардың екінші тобын құрайды.

Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастар жиынтығын анықтай келе, бұл қатынастардың субъектілерін де атап көрсетуге болады. Оларға жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік - аумақтық бөлініс. 1964 жылғы Азаматтық Кодекспен салыстырғанда 1994 жылы 27-ші желтоқсанда қабылданған Азаматтық Кодекстің ерекшелігі сол, мемлекет азаматтық-құқықтық қатынастарға осы қатынастарға өзге қатысушыларымен тең негізде түсетіндігі атап көрсетілген.

Азаматтық құқық сала ретінде толық көрінуі үшін оның реттеу тәсілдерін анықтау қажет. Көптеген ғалымдардың тұжырымдары бойынша құқықтық қатынастарды реттеу тәсілінің бірнеше түрі бар және ол құқық жүйесінің салаларына байланысты әрқилы болуы мүмкін. Азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты азаматтық құқығының реттеу тәсілі төмендегі ережелерге байланысты анықталады. Біріншіден, азаматтық-құқықтық қатынаста қатысушылардың заңи теңдігі, яғни азаматтық құқығының субъектілері азаматтық айналымға түсу процесінде бір-біріне тәуелсіз. Екіншіден, жеке және заңды тұлғалар азаматтық құқық пен азаматтық міндетті өз ниеттерінің негізінде жүзеге асыруы, азаматтық-құқықтық қатынастарды жүзеге асыру мүмкіншілігінің теңдігі және заң алдында бір текті қорғалуы.

Азаматтық құқық, көбінесе диспозитивтік нормаларға негізделген.

Диспозитивтік норма дегеніміз – тараптар араларында туындайтын қатынастарды өздерінің қалауынша, егер заңда өзгеше көзделмесе, реттеу мүмкіндігі. Осы тұрғыдан алғанда, Азаматтық Кодекстің көптеген нормалары көрсетілген ережелерге бағынады. Мәселен, Азаматтық Кодекстің 238-ші бабы, яғни шарт бойынша мүлік алушыда меншік құқығы пайда болатын кезеңі.

Жоғарыда көрсетілгендерді қорыта келіп, азаматтық құқыққа сала ретінде төмендегідей анықтама беруге болады.

Азаматтық құқық дегеніміз – бір тараптың екінші тарапқа бағынбауына, қатысушылардың теңдігіне негізделген, тауар-ақша қатынастарын және өзге де мүліктік қатынастарды, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық норма жиынтығы.

Азаматтық заңдарда 1994 жылы 27 желтоқсанда он үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің II сессиясы қабылданған жаңа Азаматтық Кодекс ерекше орын алады. Азаматтық Кодекске 1996 жылғы 15 шілдедегі, 1997 жылғы 5 наурыздағы, 1997 жылғы 2 шілдедегі, 1997 жылғы 11 шілдедегі, 1998 жылғы 2 наурыздағы өзгерістер енгізілгенін ескеру қажет.

Азаматтық кодекстің 3-бабында Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарының жүйесі анықталған. Ең алдымен ол жалпы республикалық болып табылады және Азаматтық кодекстен, соған сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтарынан, Парламенттің қаулыларынан, Парламенттің Сенаты мен Мәжілісінің қаулыларынан, сондай-ақ Азаматтық кодекстің 1-бабының 1, 2 тармақтарында аталған қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарынан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан тұрады.

Сонымен, азаматтық құқық нормалары заңдарда, нормативтік құқықтық актілерде және заңға сәйкес нормативтік актілерде бекітілуі мүмкін. Бұл орайда «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл нормативтік құқықтық актілердің бәрі олардың заң күшіне қарай белгілі бір қатаң иерархиялық жүйе бойынша орналасады.

Заң актілері. Заңдардың арасында 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының мейлінше жоғары заң күші бар, оның 4-бабында Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары деп белгіленген.

Заңға сәйкес нормативтік актілер. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтарымен қатар, Президенттің «Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқықтарын қорғау туралы» 1998 жылғы 27 сәуірдегі жарлығы.

Азаматтық кодекстің 3-бабының 5-тармағында Азаматтық кодексте және азаматтық заңдардың өзге де актілерінде көзделген жағдайлар мен шекте министрліктер мен өзге

де орталық атқарушы органдар, жергілікті өкілді және атқарушы органдар азаматтық қатынастарды реттейтін актілер шығара алады деп белгіленген.

Ведомстволық азаматтық құқықтық нормативтік актілер алуан түрлі болады. Мысал үшін 1994 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Бұйрығымен бекітілген «Тәркіленген, иесіз мүлікті, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті, көмбелерді, олжаларды, сондай-ақ қымбат металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды есепке алу, бағалау және сату тәртібі туралы нұсқауды» атауға болады.

Азаматтық заңдар және халықаралық құқық нормалары. 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабында былай деп баянды етілген: «Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді, мемлекеттер арасында ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынас жасау, олардың теңдігі мен бір-бірінің ішкі істеріне араласпайды, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізеді, қарулы күшті бірінші болып қолданудан бас тартады». Конституциялық ережелер бұдан әрі Азаматтық кодексінде дамытылады.

Азаматтық заңдар, іскерлік дағдылар, іскерлік айналым ғұрыптары, мораль және адамгершілік ережелері. Азаматтық кодекстің 3-бабының 4-тармағында азаматтық қатынастар ғұрыптармен, соның ішінде, егер Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын азаматтық заңдарға қайшы келмесе, іскерлік айналым ғұрыптарымен реттелетін ережелермен белгіленетінін атап өту маңызды.

Азаматтық кодекстің 272-бабында іскерлік дағдылардың қолданылу мүмкіндігі көзделген. Атап айтқанда, міндеттеме тиісті түрде, міндеттемелердің ережелері мен заңдардың талаптарына сәйкес, ал мұндай ережелер мен талаптар болмаған жағдайда іскерлік айналым ғұрыптарына немесе әдетте қойылатын өзге талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Сонымен, азаматтық айналымда орныққан мінез-құлық ережелері іскерлік дағдылар деп түсініледі. Бүгінгі таңда кәсіпкерлік қызмет саласында іскерлік айналым ғұрыптары кең таралып отыр. Ресей Федерациясы Жоғарғы сотының Пленумы мен Ресей Федерациясы Жоғарғы төрелік соты Пленумының 1996 жылғы 1-шілдедегі «Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі бірінші бөлімінің қолданылуына байланысты кейбір мәселелер туралы» қаулысының 4-тармағында мынадай түсіндірме беріледі. Азаматтық кодекстің 5-бабына сәйкес іскерлік қызметтен туындайтын дауды шешу кезінде соттың қолдануы мүмкін іскерлік айналым дағдысы деп заңдарда немесе шартта көзделмеген, бірақ қалыптасқан, яғни мазмұны жағынан жеткілікті дәрежеде айқындалған, кәсіпкерлік қызметтің қайсыбір саласында кеңінен қолданылатын мінез құлық ережесін түсіну керек.

Азаматтық заңдар, сот пленумының қаулылары, сот практикасы және сот прецеденті. Батыстың көптеген елдері үшін азаматтық құқық деректемелері ретінде сот және төрелік практикасы қолданылуы мүмкін.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес елімізде республиканың Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары ғана қолданыстағы құқық деп

танылады. Мысал ретінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 1995 жылғы 22-желтоқсандағы пленумының «Соттардың моральдық залалдың орнын толтыру туралы заңдарды қолдануы туралы» қаулысын атауға болады.

Азаматтық заңдардың қолданылуы:

1. Азаматтық заңдардың уақыт бойынша қолданылуы. Қазақстан Республикасының Конституциясы 4-бабының 4-тармағына сәйкес, барлық заңдар, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар деп жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

2. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес нормативтік актілер мынадай мерзімдерде:

- Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары – олар алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін, егер актілердің өздерінде немесе оларды күшіне енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, күнтізбелік он күн өткен соң;

- Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның палаталарының қаулылары – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап;

- Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңсінің қаулылары – олар қабылданған күнінен бастап;

- Орталық атқарушы және өзге де орталық мелекеттік органдардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енетіндерінің де, енбейтіндерінің де, соның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілері – егер актілердің өздерінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, олар алғаш рет жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енгізіледі.

Әрекеттер, өз кезегінде, заңды және заңсыз болып бөлінеді. Қолданылып жүрген заңның немесе басқа да нормативтік құқықтық актілердің нұсқамалары бұзылатын әрекеттер заң жүзінде теріс әрекеттер деп түсініледі. Зиян келтіру жөніндегі әрекеттер, құқық тәртібінің немесе адамгершіліктің негіздеріне көрінеу қарсы мақсатпен жасалған мәміле және т. б. заңсыз болып табылады.

Азаматтық заңдардың талаптарына сәйкес келетін әрекеттер заң жүзінде дұрыс әрекеттер болып табылады. Мысалға, заңға сәйкес жасалған сатып алу-сату, сыйға тарту, тасымалдау, жеткізіп беру және т. б. сияқты әртүрлі азаматтық-құқықтық мәмілелерді алуға болады.

Азаматтық құқық қатынастарын дамытуға, азаматтық-құқықтық актілерді қоспағанда, өзге де құқық салаларының нормаларына сәйкес жасалатын заң актілерінің ықпал етуі мүмкін және олар ықпал етеді де. Атап айтқанда, Азаматтық кодекстің 7-бабында азаматтық құқықтар мен міндеттердің әкімшілік актілерден пайда болуы көзделген. Мысалға азаматты жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу актісін алуға болады.

Заңды қылық – заңда белгілі бір әрекет нақ сондай зардап шектіруге бағытталғанына немесе бағытталмағанына қарамастан, белгілі бір заңдық зардаптарға байланыстырылатын заң жүзінде дұрыс әрекет. Мәселен, заңдық қылықтар қатарына шығармашылық кәсіп қызметкерлерінің сайып келгенде әдеби немесе музыкалық туындылары жасалатын әрекеттері жатады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық. I том. Алматы. 2003ж.
2. Жайлин Г.А. Азаматтық құқық. II том. Алматы. 2003ж.
3. Жәкішев Е.Ф. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы. 2001ж.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.